МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ЖЕРДІҢ ТОЗУЫ: себептері және алдын алу жолдары

МАҢҒЫСТАУДЫҢ ДАЛАСЫНА ҚАРАҒАН КЕЗДЕ КӨЗГЕ ШЕКСІЗ КЕҢІСТІК ЕЛЕСТЕЙДІ. АЛАЙДА ОСЫ КЕҢІСТІКТІҢ ӘР ГЕКТАРЫ БІРДЕЙ ТАБИҒИ МҮМКІНДІККЕ ИЕ ЕМЕС. ҚУАҢ КЛИМАТ, СУ ТАПШЫЛЫҒЫ, ӨСІМДІК ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ СИРЕКТІГІ ЖӘНЕ АДАМ ӘРЕКЕТІНІҢ КҮШЕЮІ ӨҢІРДІҢ ЖЕР РЕСУРСТАРЫНА ТҮСЕТІН САЛМАҚТЫ АРТТЫРЫП ОТЫР. ЖЕРДІҢ ТОЗУЫ – АЛЫСТАҒЫ МӘСЕЛЕ ЕМЕС, БҮГІНГІ МАҢҒЫСТАУДЫҢ ТАБИҒАТЫНА, ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ДАМУЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ.

Жердің тозуы бір күнде пайда болмайды. Ол табиғи жағдайлардың және адамның шаруашылық қызметінің ұзақ уақыт бойы әсер етуінен қалыптасады. Маңғыстау табиғи тұрғыдан осал аймақтардың бірі болғандықтан, жердің қалпына келу процесі де баяу жүреді. Сондықтан бір қарағанда, бос жатқан немесе пайдаланылмай тұрған шөлейт жердің өзі белгілі бір экологиялық тепе-теңдікті сақтап тұрғанын түсіну маңызды.

Өңірдегі жердің тозуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – қуаң климат пен су тапшылығы. Жауын-шашынның аздығы топырақтағы ылғалдың жеткіліксіз болуына әкеледі. Өсімдік жамылғысы сирек болғандықтан, жел эрозиясы да жердің табиғи жағдайына әсер етеді. Мұндай табиғи ерекшеліктердің үстіне антропогендік факторлар қосылған кезде мәселе күрделене түседі.

Соның бірі – жайылымдарға түсетін жүктеме. Мал шаруашылығы үшін жайылымның маңызы зор. Бірақ белгілі бір аумақта малдың шамадан тыс және ұзақ уақыт жайылуы өсімдік жамылғысының сиреуіне, топырақтың тапталуына және жайылым сапасының төмендеуіне себеп болуы мүмкін. Сондықтан жайылымды пайдалану кезінде оның табиғи мүмкіндігін ескеру қажет. Жайылымдарды кезектестіру, мал жүктемесін реттеу және жердің жағдайын тұрақты бақылау – қарапайым көрінгенімен, нәтижесі маңызды шаралар.

Маңғыстаудағы жер ресурстарына өндіріс пен құрылыс жұмыстарының да әсері бар. Мұнай-газ саласы өңір экономикасының маңызды бағыттарының бірі екені белгілі. Сонымен бірге жолдар, инженерлік желілер, елді мекендердің кеңеюі және жаңа нысандардың салынуы жерге деген қажеттілікті арттырады. Мұндай жұмыстар кезінде өсімдік жамылғысы бұзылып, топырақтың табиғи қабаты зақымдануы мүмкін. Сондықтан пайдаланылған аумақтарды кейін қалпына келтіру жерді пайдаланудың ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Бұл бағытта Қошқар ата аумағын қалпына келтіру жұмыстары – назар аударарлық мысал. Өңірде аумақты биологиялық рекультивациялау, жасыл қорғау аймағын қалыптастыру және сексеуіл отырғызу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мұндай жобалар бізге бір маңызды нәрсені көрсетеді: бүлінген жерді қалпына келтіру мүмкін, бірақ ол үшін уақыт, қаражат және жүйелі жұмыс қажет.

Сондықтан мәселені тек жер бүлінгеннен кейін шешумен шектелмей, оның алдын алуға басымдық беру керек. Ол үшін жер мониторингін күшейтіп, заманауи технологияларды пайдалану маңызды. Спутниктік суреттер, геоақпараттық жүйелер және кадастрлық ақпарат арқылы жердің өзгерістерін бақылауға, өсімдік жамылғысының сиреуін немесе басқа да деградация белгілерін ертерек анықтауға болады.

Бұл жерде жер кадастрының маңызы да ерекше. Кадастрлық мәліметтер тек жер учаскесінің шекарасын немесе ауданын анықтау үшін емес, жер ресурстарын тиімді басқару үшін қажет. Жер туралы нақты әрі жаңартылған ақпарат болған жағдайда ғана қай аумақта қандай мәселе бар екенін анықтап, тиісті шешім қабылдауға болады.

Жердің тозуы – тек экологиялық мәселе емес. Оның ауыл шаруашылығына, жайылымдардың жағдайына, елді мекендердің дамуына және жалпы өңірдің экономикалық тұрақтылығына әсері бар. Сондықтан бұл мәселеге тек эколог немесе жер маманының міндеті ретінде қарау жеткіліксіз. Жер пайдаланушының да жауапкершілігі жоғары болуы керек.

Университет оқытушысы ретінде мен үшін бұл мәселенің тағы бір маңызды қыры – болашақ мамандарды даярлау. Кадастр және жерге орналастыру мамандығында білім алып жатқан студенттер жердің ауданын, шекарасын немесе кадастрлық құжаттарын анықтаумен ғана шектелмеуі керек. Олар жердің сапалық жағдайын бағалап, оның өзгерісін түсініп, тиімді пайдалану мен қорғау жолдарын ұсына алатын маман болуы қажет.

Маңғыстаудың табиғаты бізге жердің қаншалықты нәзік ресурс екенін көрсетеді. Кең дала бізге мол мүмкіндік беретіндей көрінгенімен, оның табиғи тепе-теңдігі өте мұқият қарауды қажет етеді. Бүгін бүлінген жердің орнын ертең қалпына келтіру әлдеқайда қиын. Сондықтан жерді қорғау – кейін шешетін мәселе емес, дәл қазір қолға алатын міндет.

Жердің тозуын тоқтату бір ғана мекеменің немесе бір ғана маманның қолынан келмейді. Бұл – мемлекет, жер пайдаланушы, ғылым және қоғам бірлесіп атқаратын жұмыс. Егер біз жерді бүгін дұрыс пайдаланып, оның табиғи әлеуетін сақтай алсақ, ертеңгі ұрпаққа тек кең аумақ емес, өмір сүруге және дамытуға қолайлы жер қалдырамыз.

Маңғыстаудың жерін сақтау – оның бүгінін ғана емес, ертеңін сақтау.

Балжан АҚМУРЗАЕВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, профессор ассистенті, магистр.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Жобаның атауы:	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдерімен ұңғымалар салуға арналған техникалық жобалар үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдары бойынша.
Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны:	2026 жылғы 30 қарашада сағат 15.00-де, Маңғыстау ауданы, Шебір ауылы әкімдігінің акт залында. Карантин режимі жағдайында қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы (Microsoft Teams онлайн платформасында) өтеді. Конференция идентификаторы: https://teams.microsoft.com/meet/483571971081532?p=rWNIWfXgmb4nyLl7uD Жиналыс идентификаторы: 483 571 971 081 532 Кіру коды: YN2Pr3Tt
Тапсырыс берушінің аты-жөні және байланыс деректері:	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, тел. 215225, e-mail: k.turkmenbaev@mmg.kz
Құжаттама әзірлеушісінің аты-жөні және байланыс ақпараты:	«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалы «ҚазмұнайгазҒЗЖИ», тел. 701344, e-mail: E.Khamanova@kmge.kz
Жобалық құжаттама орналастырылған және ескертулер мен өтінімдер қабылданатын жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы:	https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru
Тапсырыс берушінің электрондық поштасы:	https://www.mmg.kz
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері:	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы Сабина Базарбай, тел. 8/7292/ 46-21-31 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz
Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекенжайы:	mangystautabigat@gmail.com tabigat@mangystau.gov.kz

№522

03.09.2007 Ж. **Т. Б. АДИЛБАЕВТЫҢ** АТЫНА БЕРІЛГЕН №02/4011, САТУ-САТЫП АЛУ ШАРТЫ ЖОҒАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН.

№521

ТУЛЕНДЕЕВА ГҮЛЖАН ОРАКБАЕВНАНЫҢ қайтыс болуына және мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. **Бір ай мерзімде мұрагерлерін мына мекенжай бойынша нотариуске хабарласуын сұраймыз:** Ақтау қаласы, 28-ш/а, 48-үй, 7-кеңсе, сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, тел.:+7775 4985834.

нотариус Ш.ДЖЕКСЕМБАЕВА

№524

БАСПАСӨЗ-2026

«МАҢҒЫСТАУ»

газетіне жазылу науқаны жүріп жатыр





«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

Туған өлкеңіздің үнін жеткізетін – «Маңғыстау» газеті!

«МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ

Жазылу түрлері	Редакция арқылы жазылу бағасы	«Қазпошта» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс
Заңды тұлғалар үшін он екі айға	18 000, 00 теңге	29 277,96 теңге	15492
Жеке тұлғалар үшін он екі айға	9000, 00 теңге	14 230,08 теңге	65492

БҰЛ БОС ОРЫН СІЗДІҢ ЖАРНАМАҢЫЗҒА АРНАЛҒАН



ТЕЛЕФОН: 20-48-42

РЕДАКЦИЯ ЖАРНАМА МАТЕРИАЛЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА, СТИЛІ МЕН ОРФОГРАФИЯСЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ. МАТЕРИАЛ ТҮПНҰСҚА КҮЙІНДЕ ЖАРИЯЛАНАДЫ.